|--|-----------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|   |                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                      |                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                          |   |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
|   |                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                      |                                                                                                                                                 | <p>Жұп карточкалар. Қазақстанның түрлі-түсті картасы, бірақ ландшафтсыз, картадағы нысандарсыз. Барлық ландшафтық нысандармен толтырылған Қазақстан картасы.</p> <p>Қазақстанның табиғи ландшафтары бейнеленген картаға арналған суреттер: таулар, өзен, теңіз, шөл, орман, дала, көл.</p> | жаттығу. "Есте сақтайық": "Отан - елдің анасы".                                                                                          |   |
| 8 | "Менің Отаным - Қазақстан. А, Ә дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері | Балаларды "А-Ә" дыбыстарымен, "А а - Ә ә" әріптерімен таныстыру. "А-Ә" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. "А-Ә" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | А дыбысы, Ә дыбысы, баспа түрі, жазба түрі. Әтеш, бәйшешек, жаға, ұшақ, әткеншек, әпке, әке, сәбіз, дәрі, ән, әңгіме, айна, аю, ат арба, асхана | Интерактивті тақта, таяқша, А-Ә дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, текшелер, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар,                                                                                                                                                  | Шаттық шеңбер: «Біз көңілді баламыз». Артикуляциялық жаттығулар: "Ән", "Дуал", "Жалпақ тіл", "Сағат", "Жоғары - төмен," «Пя – пя - пя" , | 1 |

|   |                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |               |                                                                                                   |                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |   |
|---|--------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
|   | (атау, жазу негіздері)". | көрсете білуге үйрету. "А-Ә" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру. Ұқыптылыққа, сауаттылыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу. Отаны туралы білімдерін кеңейту. |               | сөздерін қолдана отырып, балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорларын байыту, жалпы ой-өрісін дамыту. | магнитті тақта, үлестірме материалдар. «Менің Отаным – Қазақстан» кітабы. Елбасы суреті, Қазақстан Республикасының картасы, рәміздері, Бала санына байланысты жазу дәптерлері, қаламсаптар. | "Тісімізді тазалайық". Кіріспе әңгімелесу: "А дыбысы". Сұрақ-жауап: "Біздің Отанымыз". Дидактикалық ойын «Буынға буын қос». Тапсырмасы."Орны н тап". «Адасқан сандар» ойыны. Тіл ұстарту жаттығулары (А және Ә). Ойын «Кім шапшаң?» Саусақ жаттығуы. "Кел санайық санамақ". Жазылым жұмыстары. «Әтеш» , «Айна» сөздеріне буындық-дыбыстық талдау. "Кім жылдам?" ойыны. "Кім тапқыр? дидактикалық ойыны. |   |
| 9 | "Жыл                     | Балаларда "күз", "жапырақтың                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Сөздік жұмыс. | Сөздікке "алтын                                                                                   | Тыныш әуеннің                                                                                                                                                                               | Амандасу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | 1 |

|  |                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                               |                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |
|--|------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  | <p>мезгілдері.<br/>Алтын күз".</p> | <p>түсуі" ұғымдарын; "алтын күз" туралы түсініктерін одан әрі дамыту; "ғ" әрпімен және етістіктермен таныстыру; барлық жыл мезгілдерінде, күзде адам өмірінде болатын табиғатқұбылыстары туралы білімдерін кеңейту; мақал-мәтелдердегі сөздердің тура және ауыспалы мағыналары туралы түсінік қалыптастыру; суреттерге сүйене отырып, балалардың "күз" тақырыбында интеллектуалды карта құра білуін дамыту, "күз" ұғымын анықтайтын негізгі сөз тіркестерін нақты айтуға дағдыландыру; қарама-қайшылықтарды салыстыру негізінде сөз тіркестерін дұрыс таңдауға жаттықтыру; қазақ тілін түсіну және сөйлеуде көркем сөзді қолдануға бейімдеу.</p> | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.</p> | <p>күз", "жапырақтың түсуі" сөз тіркестерін енгізу; күз туралы өлеңдердегі сөздер мен сөйлемдерді қолданысқа енгізу, "жылтырағанның бәрі алтын емес" мақалымен жұмыс жасау.</p> | <p>аудио жазбалары. Интерактивті тақталар, нұсқау таяғы. "Күз" зияткерлік картасының сызбасы. Қарама-қарсы мағынамен жұпталған суреттер. Күз туралы өлеңнің мнемикалық сызбасы. Күзгі бұлтты ауа-райындағы балалардың демонстрациялық суреті. "Жылтырағанның бәрі алтын емес" мақалының мазмұнына келетін сурет. Үлестірмелі суреттер: жаңбыр, сұр бұлт, күн, көбелектер, аралар, қар, себеттегі жемістер, себеттегі көкөністер,</p> | <p>жаттығуы. Көркем сөз. Жұмбақ. "Күз". Кіріспе әңгімелесу. "Күз" зияткерлік картасын модельдеу негізіндегі сөздік жұмыс. "Күз" зияткерлік картасының сызбасы. "Алтын жапырақтар", "алтын күз" ұғымдарын түсіндіру. "Ғ" әрпі мен дыбысы. Ғ дыбысының дұрыс дыбысталуын жасау жаттығуы. Қарама-қарсы ұғымдарды салыстыру арқылы сөйлем құрастыруға арналған жаттығу. "Егер олай болмаса, қалай?". Таңдалған суреттер мен балалар жазған сөйлемдер негізінде өлеңді мәнерлеп</p> |  |
|--|------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|    |                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                      |                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                         |   |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
|    |                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                      |                                                                         | себеттегі саңырауқұлақтар, шөптегі жалаң аяқ бала, етік пен жадағай киген бала, жасыл жапырақтар, сары жапырақтар, бұтақтардағы гүлдер, жапырақтар жерге түсіп жатыр, қардың астындағы бәйшешек, панама киген бас, жаңбыр астында қолшатыр астында, көлшіктерге тамшылар тамады, құстар отары ұшып кетеді, құс ұя салады. | оқу. "Күз". Музыка негізінде өлең жаттауға арналған ырғақты жаттығу. "Күз". Есте сақтауға арналған ауызша жаттығу. "Есте сақтайық": "Жылтырағанның бәрі алтын емес".    |   |
| 10 | "Жыл мезгілдері. Алтын күз. О, Ө дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу | Мақсаты: балаларды "О-Ө" дыбыстарымен, "О о - Ө ө" әріптерімен таныстыру. "О-Ө" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "О-Ө" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру. "О-Ө" | Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | "Жыл мезгілдері", "алтын күз", "О", "Ө", "дыбыстар" сөздерін пайдалану. | Автобус дыбысының әуенжазбасы, автобус суреті, интерактивті тақта, таяқша, О-Ө дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты                                                                                                                                                                  | Шаттық шеңбері "Кел балалар ортаға!" Артикуляциялық жаттығулар: "Қатты жел", "Шар", "Піл", "Алтыбақан", "Тәтті тосап", "Тоқылдақ". [о] -[ө] дыбыстарына кинезиологиялық | 1 |

|  |             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |  |  |                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |
|--|-------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  | негіздері). | <p>дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "О-Ө" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Жазуға қолдарын жаттықтыру.</p> <p>Мейірімділікке, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Күз қабілетін сипаттап, күз айларын атай білуге үйрету. Табиғатты аялауға, сүйуге, қорғауға тәрбиелеу.</p> |  |  | <p>суреттер: Өзен, өрік суреттері, тоқылдақ, ойыншықтар, магнитті тақта, үлестірме материалдар. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.</p> | <p>ойындар:</p> <p>1) «лезгинка» билету;</p> <p>2) екі қолмен түрлі нүктеден бастап дөңгелек сызу. "Кел, жұмбақ шешейік!" жаттығуы.</p> <p>О мен Ө дыбыстарын ажыратуға арналған жаттығулар: буындарда ажырату; сөздерде ажырату; сөйлемде ажырату.</p> <p>О мен ө дыбыстарына тіл ұстарту жаттығулары.</p> <p>Дыбыстық талдау жасау: "орақ", "өрік".</p> <p>Есте сақтау жаттығуы: "Өнер білім бұлағы, білім - өмір шырағы".</p> <p>Дидактикалық ойын "Кім жылдам?" (О - Ө дыбысының орнын ауыстырып оқу).</p> |  |
|--|-------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|    |                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |   |
|----|----------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
|    |                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Тіл ұстарту жаттығулары: "О мен Ө дыбыстары. "Саусақ жаттығуы. "Қолдар үстелде жатты". Жазылым жұмыстары. «Кім жылдам?» жаттығуы.                                                                                                                                                                                    |   |
| 11 | "Күз сыйлары". | Балаларды көкөністер туралы өлеңмен таныстыру; "күзгі егін" ұғымын дамытуды жалғастыру; көкөністер мен жемістер және геометриялық фигуралар туралы білімдерін нақтылау; мәтінге сәйкес көкөністердің атауларын нақты дәйектілікпен айта отырып, көкөністер туралы өлеңді мәнерлеп оқуға үйрету; зияткерлік картамен жұмыс жасау кезінде қазақ тілінде көкөністер мен жемістер туралы қарапайым сөйлемдер құра білу, назар салу, ойлау дағдыларын дамыту; ересектердің еңбегін құрметтеуге, еңбекқорлыққа, табандылыққа тәрбиелеу. | Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту. | Сөздікке "сорпа", "көкөніс сорпасы" сияқты сөздерді енгізу, көкөністер мен жемістердің аттарын, сондай - ақ көкөністер туралы өлең жолдардын айту арқылы сөздікті жандандыру; "ексең егін, ішерсің тегін", "еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей" мақал-мәтелдері | Ырғақты әуендердің аудиожазбалары Базардағы сөресінде көкөністері мен жемістері шашылған Еркежанның әжесінің суреті. Көрнекіліктерге арналған демонстрациялық тақталар, көрсеткіш, интерактивті тақта. Көкөністер мен жемістердің муляждары бар бір үлкен тостаған немесе қорап. | "Амандасайық" жаттығуы. Суретбойынша жемістер мен көкөністер жайында әңгімелесу. Ойын-эстафетаға негізделген сөздік жұмыс. "Көкөністер-жемістер". Сюжеттік суреттер негізінде өлеңді мәнерлеп оқу. "Көкөністер". Жиі қайталанатын сөздерді елестету негізінде өлеңді жаттауға арналған ауызша жаттығу. Таратпа сурет | 1 |

|  |  |  |  |                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |  |
|--|--|--|--|--------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  |  |  |  | арқылы тіл байлықтарын дамыту. | Демонстрациялық суреттер: себеттегі көкөністер; себеттегі жемістер. Геометриялық фигуралардың демонстрациялық модельдері. Көкөністер туралы өлеңді мәнерлеп оқуға арналған суреттер. Заттардың геометриялық фигуралармен байланысы бойынша интеллектуалды карталардың бастапқы схемалары: шеңбер, үшбұрыш, сопақ. Көкөністер мен жемістердің геометриялық фигуралармен арақатынасы бойынша толтырылған зияткерлік карталардың схемалары: шеңбер, | карточкаларына негізделген ауызша-ырғақты жаттығу. Интеллектуалды карта негізінде "геометриялық фигуралар" ұғымын қалыптастыруға арналған ауызша жаттығу. "Көкөністер мен жемістер қандай геометриялық фигураларға ұқсайды?". "Есте сақтайық" жаттығуы: "Ексең егін, ішерсің тегін", "Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей". |  |
|--|--|--|--|--------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|    |                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                             |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                       |   |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
|    |                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                             |                                                                                    | <p>үшбұрыш, сопақ.<br/>Көкөністер мен жемістер туралы мақал-мәтелдердің мазмұны бойынша суреттер.<br/>Геометриялық фигураларға ұқсайтын көкөністер мен жемістердің таратпа суреттері.<br/>Өлеңді сүйемелдеуге арналған бірнеше суреттер тобы: картоп, қырыққабат, сәбіз, қала, ақжелкен, қызылша.</p> |                                                                                                                                                                       |   |
| 12 | <p>"Ұ, Ү дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)".</p> | <p>Балаларды "Ұ-Ү" дыбыстарымен, "Ұ ұ-Ү ү" әріптерімен таныстыру. "Ұ-Ү" әріпін ауа арқылы жазып көрсету. "Ұ-Ү" дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуға үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру.</p> | <p>Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.</p> | <p>"Ұ", "Ү", "күз сыйлары", "үкі, "үзеңгі", "ұлу", "ұршық" сөздерін пайдалану.</p> | <p>Интерактивті тақта, таяқша, Ұ-Ү дыбыстарының баспа түрі және жазба түрлері, өтілетін тақырыпқа байланысты суреттер, ойыншықтар, магнитті тақта, үлестірме</p>                                                                                                                                      | <p>Шаттық шеңбері. Армысың, шұғылалы нұрлы күн!"<br/>Артикуляциялық жаттығулар: "Күлу", "Ине", "Өткеншек", "Кесе", "Тәтті тосап", "Тістерді тазалаймыз", "Аттар",</p> | 1 |

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |  |                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |
|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  |  | <p>"Ұ-Ү" дыбыстарының сөздің кез келген жерінен (сөз басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету. "Ұ-Ү" дыбыстары кездесетін сөйлем ойлатып, сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрату арқылы, сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыланады.</p> |  |  | <p>материалдар. Бала санына байланысты жазуға арналған дәптерлер, қаламсаптар.</p> | <p>"Сылақшы".<br/> Ұ жән Ү<br/> дыбысының артикуляциялық қалпын игеру жаттығулары.<br/> «Сикырлы сандықша» ойыны.<br/> Ұ және Ү<br/> дыбысынан келетін сөздерді ойлап табайық: Ұя, ұн, ұшақ, бұғы, жұмыртқа<br/> Жаңылтпашты жаңылмай айтқызу.<br/> "Өз орныңды тап" ойыны.<br/> Дыбыстарға мінездеме Ұ-Ү.<br/> Ұ-Ү дыбыстарының ұқсастығы мен айырмашылығын табу жаттығулары.<br/> Сергіту сәті.<br/> "Қақпаға туралап".<br/> "Кім зейінді?" ойыны ("Ү" мен "Ұ" дыбыстарын естігенде сигналдық белгіні көтеріп, буынды қайталау);</p> |  |
|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|  |  |  |  |  |  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |
|--|--|--|--|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  |  |  |  |  |  | <p>буындар: үш, үш,<br/>үз, үз.<br/>«Кім тез?» ойыны.<br/>Дыбысының<br/>сигналдық белгісін,<br/>ал "Ү" дыбысынан<br/>келетін сөздерді<br/>естісендер «Ү»<br/>дыбысының<br/>сигналдық белгісін<br/>көтересіңдер.<br/>Сөздер: үкі, ұя,<br/>ұстаз,<br/>«Кім тапқыр?»<br/>ойыны.<br/>Саусақ жатығуы.<br/>"Он саусақ".<br/>Жазылым<br/>жаттығулары.<br/>Тапсырма. Адаққан<br/>әріптерден сөз<br/>құрап, сол құралған<br/>сөзге дыбыстық<br/>талдау.<br/>"Оқы, таны, жаз"<br/>жаттығуы.<br/>Ү және Ү<br/>дыбыстарының<br/>сөздер құрамында<br/>табуға арналған<br/>жаттығулар.</p> |  |
|--|--|--|--|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|    |                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |   |
